...АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

...К(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...246 (8706) 1945 жылғы 15 Декабрь Сенбі | Шығуына 27-жыл | Жеке саны 20 тиын


**Еңбекші Қазақ ауданындағы Жаңашар ...ТСның коллективі тракторларды әрі тез, әрі сапалы жөндеу жарысын ұйымдастыруға шақырып, үлкен игілікті ұсыныс жасады.**

**Республикалық социалистік жарысты кең өрістетіп, трактор паркін егіске толық әзірлейік! Жарысқа қосылмаған бірде-бір МТС қалмасын!**

## Жаңашарлықтардың үндеуіне іспен жауап берейік

Колхозды ауыл-селоларымыз орасан ...р табыстарға ие болған 1945 ауыл ша...ашылық жылы аяқталуға жақындап ...леді. Бұл жылы еліміздің социалистік ...ін шаруашылығы өркендей түсті. Ұлы ...ан соғысының ауыр сындарынан со...алистік ауыл шаруашылығымыз бұрын...дан да көркейіп, бұрынғыдан да ны...йып шықты.

Әсресе Қазақтың Советтік Социалистік ...спубликасының 25 жылдығы атындағы ...циалистік жарыс кезінде республика...здың бүкіл еңбекшілері сияқты, облы...мыздың колхозшылары, МТС және сов...: жұмысшылары ауыл шаруашылығын ...қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін ...өсетті. Сөйтіп олар Қазақ ССРның ...қты 25 жылдық мерекесіне татымды ...тулар әзірледі.

Қазір совет халқы ССР Одағы Жоғарғы ...етінің сайлауына қызу әзірленіп жа...р. Бұл сайлауда еліміздің халықтары ...ің жалынды отаншылдығын, Ленин—...лин партиясына, данышпан көсеміміз ...лин жолдасқа шексіз берілгендігін та...да көрсетпек.

...еліміздің еңбекшілері ССРО Жоғарғы ...етінің сайлауы күнін еңбек майданын ...жаңа табыстарға жетумен қарсы алу ...н күш жұмсауда. Сайлауға әзірлік ...нде еңбекшілердің еңбектегі белсенді...арта түсті. Ендігі жерде партия, со... ұйымдарының міндеті— бұқараның ...сендiлігін күшейтіп, олардың ССРО ...арғы Советінің сайлауын татымды ...тулар әзірлеумен қарсы алуға жұмыл...

жоғары дәрежеде өткізілуі, егіннің мол шығуы және сайып келгенде, ол мол егіннің дер кезінде, ысырапсыз жыйналып алынуы трактор паркінің мүлтіксіз жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Сондықтан МТС коллективтері трактор жөндеу жоспарын уақытылы толық орындау үшін барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыру керек. Жаңашар МТСның коллективі бізді осы міндеттерді жүзеге асыруға шақырып отыр. МТС қызметкерлері жаңашарлықтардың үндеуін қуаттап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алуға, алған міндеттемелерін абройман орындап шығуға тиіс.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы МТС тары қолда бар мүмкіншілікті толық пайдалана отырып, трактор жөндеуде едәуір табыстарға ие болды. Алдыңғы қатарлы МТС басшылары жөндеуші жұмысшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, әрбір жөндеуші бригадалардың белгіленген жоспарды мүлтіксіз орындап отыруын қадағалап келеді. Мәселен, Мамлют ауданындағы Интернационал МТСында (директоры Б. Буркалов жолдас) тракторларды жөндеу жұмысы үлгілі ұйымдастырылған. Мұнда тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының жөндеу сапасының ойдағыдай болуын қамтамасыз ету үшін трактор жөндеуде жүрген 9 бригадир, 45 тракторшы және 7 комбайншы қазірдің өзінде бригадаларға бөлініп, колхоздарға бекітілді. Ол бригадалардың аға тракторшылары мен бригадирлері тағайындалды. Мұнда трактор

## М. И. Калинин жолдастың 1945 жылғы 28 ноябрьде БЛКЖО Орталық Комитеті XIV пленумының салтанатты мәжлісінде сөйлеген сөзі

**Жолдастар, Ленин комсомолы Орталық Комитетінің мүшелері, комсомолдың облыстық ұйымдарының өкілдері және Москва ұйымының активтері!**

Бүгін Ленин комсомолына ұлы наград —Ленин ордені тапсырылды. Енді комсомол өзінің туына халықтың бақыты үшін күрескен кемеңгер Владимир Ильич Лениннің суреті бар орденді тағып жүретін болады.

Сіздерге мұндай ұлы наград берілгеніне мен сіздермен бірге қуаныштымын. Бұл орденді қастерлеп сақтайтындықтарыңызға, Лениннің ұлы ісі үшін, Ленин—Сталин партиясының ұлы идеалдары үшін онан сайын күшті жігермен, онан сайын жақсы күшті белсенділікпен күресетіндіктеріңізге сенемін.

**Жолдастар! Совет үкметі коммунистік жастар одағын осымен үш рет наградтады. Данышпан көсеміміз Сталин жолдас комсомолдың халқымыз алдындағы еңбегіне осымен үш рет зор баға берді.**

Алғашқы наградты комсомол азамат соғысына белсеніп қатысқаны үшін, халқымыз совет өкметі үшін күрескен кезде алды. Ол жылдарда комсомол ондаған мың революцияшыл жастарды ойдағыдай топтастырып, Колчакка, Деникинге, Юденичке, ақполяктарға және Врангельге қарсы күреске аттандырды. Бұл жастар большевиктер партиясының туы астында қаһармандық істерімен өздерінің совет өкметіне шын берілгендігін көрсетті. Комсомол бастаған жастар совет өкметін ны...

сіздер қазір қай салада неғұрлым қажырлылықпен жұмыс істеулеріңіз керек? Мен жаңалықты ешнәрсе айтпаспын деп ойлаймын, мен сіздерге әрқайсыңыз білетін нәрсені айтамын, бірақ бұл туралы ескертіп қою хажет. Қазір бірінші, басты, негізгі міндет—жаңа бесжылдықта үкмет орындары белгілеп отырған соғыстан кейінгі құрылыс жоспарларын орындау үшін күресу. Соғыстан кейінгі өндіріс жоспарларымызды орындау—зор міндет, оның маңызын сіздерге дәлелдеп жатудың хажеті жоқ. Елімізде фашистердің жасаған бүлікшілігін көрген, еліміздің онан сайын нығаюының маңызын толық түсінген әрбір адамға бұл айтпаса да айқын.

Комсомол жастарды жаңа өндірістік міндеттерді орындауға жұмылдыра отырып, Отанымызға, партияға, Сталин жолдасқа шын берілген миллиондаған жаңа жас отаншылдар тәрбиелеп өсіретіндігіне сенемін.

Мен тағы бір нақтылы міндетке сіздердің назарыңызды аударғым келеді. Қазіргі уақытта халықаралық байланыстың өте мықтап күшейгенін өздеріңіз білесіз. Бұл байланыс жастар жөнінде де күшейіп келеді. Сондықтан мен жастарымыздың, комсомол мүшелерінің шет елдердегі халықтардың тұрмысымен, мәдениетімен, мінез-құлқымен неғұрлым кең танысуын тілеймін. Әсресе комсомол мүшелері арасында шет тілдерді білетін адамдардың көбеюін өте-мете тілеймін.

### ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік

## Участкелік сайлау комиссияларына кандидаттар ұсыну

Участкелік сайлау комиссияларының составына таңдаулы адамдар ұсынылып жатыр.

Резчик жолдас директор болып істейтін заводта ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі участкелік сайлау комиссиясына кандидаттар ұсыну туралы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жалпы жыйылысы болып өтті.

Цех меңгерушісі Пальщиков жолдас жыйылыста сөз сөйлеп, «мен участкелік сайлау комиссиясының составына Григорий Алексеевич Беспалов жолдасты ұсынамын, деді. Беспалов жолдасты мен 1930 жылдан бері, заводқа жөндеуші слесарь болып жұмысқа кірген күннен бастап білемін. Осы уақыттың ішінде ол жабайы жұмысшыдан директордың кадр жөніндегі орынбасарлығына дейін өсті. Мен Беспалов жолдасты бүкіл коллектив болып көрсеткен сенімді бұлан былай да абройман ақтайды деп сенемін».

Пальщиков жолдастың ұсынысын екінші цехтың меңгерушісі Васильев жолдасқа қостады.

**Жыйылыста сөйлеген Трифонов жолдас участкелік сайлау комиссиясының составына фрезеровщик Федулов жолдасты ұсынды. Ол—заводта көпшілік жұмысына белсене қатысады, кәсіпшілер одағының цехтағы комитетінің председателі. Ол Отан соғысы кезінде фрезеровщиктің мамандығына 35 адамды үйретіп шығарды.**

**Жыйылысқа қатысқандар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі № 30 участкелік сайлау комиссиясының составына Григорий Алексеевич Беспалов және Иван Максимович Федулов жолдастарды бірауыздан кандидат етіп ұсынды.**

* * *

Совет ауданындағы «Үлгі» колхозының колхозшылары участкелік сайлау комиссиясының составына кандидат етіп 3 колхоз председателі Қаскей Кежекбаев жолдасты ұсынды. Кежекбаев жолдас Қазақ ССРның 25 жылдық мерекесі хұрметіне ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Хұрмет белгісі» орденімен наградталған.

## Сайлаушылар арасындағы жұмыс өрістеуде

Денисенко жолдас партия ұйымдастырушысы болып істейтін заводта үгітшілер тобы сайлаушылар арасында көпшілік-түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп жүр.

Үгітшілер тобының басшысы Секретова жолдас үгітшілердің ...

Сайлаушылар үгітші Сорокина жолдастың әңгімелеріне әрдайым қатысып отырады. Сорокина жолдастың сайлаушылар арасында өткізген әңгімелері, сайлаушыларға өте қызықты және түсінікті болады. Завод коммунистері үгітшілерге көп

[Б]АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

[Қ]К(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 246 (8706) 1945 жылғы 15 Декабрь Сенбі | Шығуына 27-жыл[ы] Жеке саны 20 тиы[н]

**Еңбекші Қазақ ауданындағы Жаңашар МТСның коллективі тракторларды әрі тез, әрі сапалы жөндеу жарысын ұйымдастыруға шақырып, үлкен игілікті ұсыныс жасады.**

**Республикалық социалистік жарысты кең өрістетіп, трактор паркін егіске толық әзірлейік! Жарысқа қосылмаған бірде-бір МТС қалмасын!**

## Жаңашарлықтардың үндеуіне іспен жауап берейік

Колхозды ауыл-селоларымыз орасан [зо]р табыстарға ие болған 1945 ауыл ша[руаш]ылық жылы аяқталуға жақындап [ке]леді. Бұл жылы еліміздің социалистік [ауыл]ын шаруашылығы өркендей түсті. Ұлы [От]ан соғысының ауыр сындарынан со[ци]алистік ауыл шаруашылығымыз бұрын[ғы]дан да көркейіп, бұрынғыдан да ны[ғ]айып шықты.

Әсресе Қазақтың Советтік Социалистік [Р]еспубликасының 25 жылдығы атындағы [со]циалистік жарыс кезінде республика[мы]здың бүкіл еңбекшілері сияқты, облы[сы]мыздың колхозшылары, МТС және сов[хоз] жұмысшылары ауыл шаруашылығын [ж]қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін [көр]сетті. Сөйтіп олар Қазақ ССРның [жылды]қты 25 жылдық мерекесіне татымды [та]бытулар әзірледі.

Қазір совет халқы ССР Одағы Жоғарғы [Сов]етінің сайлауына қызу әзірленіп жа[ты]р. Бұл сайлауда еліміздің халықтары [өз]інің жалынды отаншылдығын, Ленин—[Ст]алин партиясына, данышпан көсеміміз [Ст]алин жолдасқа шексіз берілгендігін та[ғы] да көрсетпек.

[Е]ліміздің еңбекшілері ССРО Жоғарғы [Сов]етінің сайлауы күнін еңбек майданын[да] жаңа табыстарға жетумен қарсы алу [үші]н күш жұмсауда. Сайлауға әзірлік [кез]інде еңбекшілердің еңбектегі белсенді[лігі] арта түсті. Ендігі жерде партия, со[вет] ұйымдарының міндеті— бұхараның [бел]сенділігін күшейтіп, олардың ССРО [Жоғ]арғы Советінің сайлауын татымды [таб]ытулар әзірлеумен қарсы алуға жұмыл-

жоғары дәрежеде өткізілуі, егіннің мол шығуы және сайып келгенде, ол мол егіннің дер кезінде, ысырапсыз жыйналып алынуы трактор паркінің мүлтіксіз жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Сондықтан МТС коллективтері трактор жөндеу жоспарын уақытылы толық орындау үшін барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыру керек. Жаңашар МТСның коллективі бізді осы міндеттерді жүзеге асыруға шақырып отыр. МТС қызметкерлері жаңашарлықтардың үндеуін қуаттап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алуға, алған міндеттемелерін абыроймен орындап шығуға тиіс.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы МТСтары қолда бар мүмкіншілікті толық пайдалана отырып, трактор жөндеуде едәуір табыстарға ие болды. Алдыңғы қатарлы МТС басшылары жөндеуші жұмысшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, әрбір жөндеуші бригадалардың белгіленген жоспарды мүлтіксіз орындап отыруын қадағалап келеді. Мәселен, Мамлют ауданындағы Интернационал МТСында (директоры Б. Буркалов жолдас) тракторларды жөндеу жұмысы үлгілі ұйымдастырылған. Мұнда тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының жөндеу сапасының ойдағыдай болуын қамтамасыз ету үшін трактор жөндеуде жүрген 9 бригадир, 45 тракторшы және 7 комбайншы қазірдің өзінде бригадаларға бөлініп, колхоздарға бекітілді. Ол бригадалардың аға тракторшылары мен бригадирлері тағайындалды. Мұнда трактор

## М. И. Калинин жолдастың 1945 жылғы 28 ноябрьде БЛКЖО Орталық Комитеті XIV пленумының салтанатты мәжлісінде сөйлеген сөзі

**Жолдастар, Ленин комсомолы Орталық Комитетінің мүшелері, комсомолдың облыстық ұйымдарының өкілдері және Москва ұйымының активтері!**

Бүгін Ленин комсомолына ұлы наград —Ленин ордені тапсырылды. Енді комсомол өзінің туына халықтың бақыты үшін күрескен кемеңгер Владимир Ильич Лениннің суреті бар орденді тағып жүретін болады.

Сіздерге мұндай ұлы наград берілгеніне мен сіздермен бірге қуаныштымын. Бұл орденді хасиеттеп сақтайтындықтарыңызға, Лениннің ұлы ісі үшін, Ленин—Сталин партиясының ұлы идеалдары үшін онан сайын күшті жігермен, онан сайын жақсы күшті белсенділікпен күресетіндіктеріңізге сенемін.

Жолдастар! Совет үкметі коммунистік жастар одағын осымен үш рет наградтады. Данышпан көсеміміз Сталин жолдас комсомолдың халқымыз алдындағы еңбегіне осымен үш рет зор баға берді.

Алғашқы наградты комсомол азамат соғысына белсеніп қатысқаны үшін, халқымыз совет өкметі үшін күрескен кезде алды. Ол жылдарда комсомол ондаған мың революцияшыл жастарды ойдағыдай топтастырып, Колчакқа, Деникинге, Юденичке, ақполяктарға және Врангельге қарсы күреске аттандырды. Бұл жастар большевиктер партиясының туы астында қаһармандық істерімен өздерінің совет өкметіне шын берілгендігін көрсетті. Комсомол бастаған жастар совет өкметін ны-

сіздер қазір қай салада неғұрлым қажырлылықпен жұмыс істеулеріңіз керек? Мен жаңалықты ешнәрсе айтпаспын деп ойлаймын, мен сіздерге әрқайсыңыз білетін нәрсені айтамын, бірақ бұл туралы ескертіп қою хажет. Қазір бірінші, басты, негізгі міндет—жаңа бесжылдықта үкмет орындары белгілеп отырған соғыстан кейінгі құрылыс жоспарларын орындау үшін күресу. Соғыстан кейінгі өндіріс жоспарларымызды орындау—зор міндет, оның маңызын сіздерге дәлелдеп жатудың хажеті жоқ. Елімізде фашистердің жасаған бүліншілігін көрген, еліміздің онан сайын нығаюының маңызын толық түсінген әрбір адамға бұл айтпаса да айқын.

Комсомол жастарды жаңа өндірістік міндеттерді орындауға жұмылдыра отырып, Отанымызға, партияға, Сталин жолдасқа шын берілген миллиондаған жаңа жас отаншылдар тәрбиелеп өсіретіндігіне сенемін.

Мен тағы бір нақтылы міндетке сіздердің назарыңызды аударғым келеді. Қазіргі уақытта халықаралық байланыстың өте мықтап күшейгенін өздеріңіз білесіз. Бұл байланыс жастар жөнінде де күшейіп келеді. Сондықтан мен жастарымыздың, комсомол мүшелерінің шет елдердегі халықтардың тұрмысымен, мәдениетімен, мінез-құлқымен неғұрлым кең танысуын тілеймін. Әсресе комсомол мүшелері арасында шет тілдерді білетін адамдардың көбеюін өте-мөте тілеймін.

### ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік

## Учаскелік сайлау комиссияларына кандидаттар ұсыну

Учаскелік сайлау комиссияларының составына таңдаулы адамдар ұсынылып жатыр.

Резчик жолдас директор болып істейтін заводта ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі учаскелік сайлау комиссиясына кандидаттар ұсыну туралы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жалпы жыйылысы болып өтті.

Цех меңгерушісі Пальщиков жолдас жыйылыста сөз сөйлеп, «мен учаскелік сайлау комиссиясының составына Григорий Алексеевич Беспалов жолдасты ұсынамын, деді. Беспалов жолдасты мен 1930 жылдан бері, заводқа жөндеуші слесарь болып жұмысқа кірген күннен бастап білемін. Осы уақыттың ішінде ол жабайы жұмысшыдан директордың кадр жөніндегі орынбасарлығына дейін өсті. Мен Беспалов жолдасты бүкіл коллектив болып көрсеткен сенімді бұлай да, былай да абыроймен ақтайды деп сенемін».

Пальщиков жолдастың ұсынысын екінші цехтың меңгерушісі Васильев жолдас[ты]а қостады.

Жыйылыста сөйлеген Трифонов жолдас учаскелік сайлау комиссиясының составына фрезеровщик Федулов жолдасты ұсынды. Ол—заводта көпшілік жұмысына белсене қатысады, кәсіпшілер одағының цехтағы комитетінің председателі. Ол Отан соғысы кезінде фрезеровщиктің мамандығына 35 адамды үйретіп шығарды.

Жыйылысқа қатысқандар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі № 30 учаскелік сайлау комиссиясының составына Григорий Алексеевич Беспалов және Иван Максимович Федулов жолдастарды бірауыздан кандидат етіп ұсынды.

* * *

Совет ауданындағы «Үлгі» колхозының колхозшылары учаскелік сайлау комиссиясының составына кандидат етіп 3 колхоз председателі Қаскей Кежекбаев жолдасты ұсынды. Кежекбаев жолдас Қазақ ССРның 25 жылдық мерекесі хұрметіне ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Хұрмет белгісі» орденімен наградталған.

## Сайлаушылар арасындағы жұмыс өрістеуде

Денисенко жолдас партия ұйымдастырушысы болып істейтін заводта үгітшілер тобы сайлаушылар арасында көпшілік-түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп жүр.

Үгітшілер тобының басшысы Секретова жолдас үгітшілердің істерін ...

Сайлаушылар үгітші Сорокина жолдастың әңгімелеріне әрдайым қатысып отырады. Сорокина жолдастың сайлаушылар арасында өткізген әңгімелері, сайлаушыларға өте қызықты және түсінікті болады. Завод коммунистері үгітшілерге көп

дары мен қызметшілеріне жазған үндеуі жарияланды. Бұл калың бұхараның саяси және өндірістік белсенділігі артқандығының белгісі болып отыр. Бұл коллектив Казақ ССР МТСтарының тракторшыларын, комбайншыларын, жөндеуші жұмысшыларын, мамандары мен қызметшілерін машина-трактор паркін көктемгі егіске толық әзірлеу үшін республикалық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырады. «Совет халқының мерекесі мен салтанатының күні болатын,—деп жазылған үндеуде,—ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлене отырып, біздер Жаңашар МТСның тракторшылары мен комбайншылары, трактор бригадасының бригадирлері, жұмысшылары мен мамандары ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік жаңа табыстар мен карсы алуға ұйғардық».

Жаңашарлықтар тракторлар мен тіркеу саймандарын 1946 жылғы 15 январьға дейін толық жөндеуге, комбайндарды жөндеу жоспарын 1946 жылғы 1 апрельге дейін аяктауға және көктемгі егіске әзірлікті 1946 жылғы 10 февральға дейін аяқтауға міндеттеніп отыр. Олар республикамыздың МТСтарының коллективтерін де осыған шақырады.

Казірде, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік жұмыстары кызған кезде бұл үндеудің маңызы ерекше зор. Көктемгі егістің дер кезінде, агротехникалық басшылары тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу ісіне мән бермей, бұл жұмыстың үлгілі ұйымдастырылуы үшін ешбір шешуші шара қолданбай келеді. Облысымыз бойынша трактор жөндеу жоспарының орындалуы мүлде төмен.

Бұдан былай бұған төзуге тіпті болмайды. МТСтарда тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын ойдағыдай ұйымдастырып, олардың көктемгі егіске толық әзірленуін қамтамасыз ету үшін барлық күш-мүмкіншілік жұмсалатын болсын.

Партия, совет, жер органдары жаңашарлықтардың үндеуінің барлық МТСтарда кеңінен талқыланып, олардың нақтылы міндеттемелер алуын қамтамасыз етуге тиіс. Үндеуді талқылауға қалың бұхара белсене қатынасатын болсын.

МТС коллективтерінің қазіргі кезеңдегі айбынды міндеттері—трактор жөндеуде екі смена ұйымдастыру, әрбір құрал-жабдықты жұмыска орынды пайдалану, жөндеу жұмысының сапалы болуын қамтамасыз ету болып саналады.

Жаңашарлықтардың үндеуін қостап, тракторларды, тіркеу саймандарын егіске толық әзірлеу үшін республикалық жарысты өрістете түсейік, сөйтіп ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін зор табыстарға жетумен карсы алайық!

---

үшін, оның белсенділігі—баска адамдарды да жігерлендіріп, жұмыска кызу қатыстырған белсенділігі үшін наградталды. Ол кезде комсомол Еңбек Кызыл Ту орденімен наградталды.

Қазір мен сіздерге үшінші орден тапсырдым. Бұл орденмен, Ленин орденімен комсомол Гитлер Германиясына карсы Советтер Одағының Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанымыз алдындағы аскан еңбегі үшін, жастарды Отанымызға шын берілгендік рухта тәрбиелеу жөніндегі көп жұмысы үшін наградталды. Комсомолға мұндай ең ұлы наград беріп, үкмет Отан соғысының майдандарында, сол сыякты елдегі фабрикаларда, заводтарда, колхоз даласында Отанымыз үшін жүргізген ұлы күрес жылдарында комсомолдың көп еңбек сіңіргендігін атап көрсетті.

Кыскасынан айтқанда, комсомолға Отанымыз алдындағы еңбегі үшін берілген наградтар партиямыздың сенімді көмекшісі—комсомолдың катыспаған жұмыс саласы жоқ екенін көрсетеді.

Жолдастар, үкметіміз қандай да болса ұйымдарды немесе қандай да болса адамдарды наградтағанда ол істелген жұмысты ғана емес, келешектегі жұмысты да ескереді. Қазір комсомол алдына қандай міндеттер қойылып отыр? Комсомол туын жаңа табыстармен сәулеттендіру үшін ұлдары да еңбек сіңірді. Бұл адамдар өздерінің саяси ержеткендігін, ұйымдастырушылық тәжрибесін, күрестегі шеберлігін, аскан отаншылдығын, совет халқына шексіз шын берілгендігін көрсетті, бүкіл дүние жүзі алдында совет адамдарының адамгершілік хасиетінің зор екенін көрсетті. Сталин жолдастың комсомолға, жастарға үнемі камкорлық көрсетуі мұндай мол жеміс бергендігі әрбір адамға айқын емес пе?!

Сондықтан, жолдастар, мен комсомол мүшелері Отан соғысы жылдарында туғызылған тамаша дәстүрлерді хасиеттеп сақтап, оған әрі көбейте береді деп ойлаймын. Жігіттер мен кыздар, комсомол мүшелері осы дәстүрлер бойынша тәрбиеленеді.

Комсомолды наградтау қашан да болса еліміздің тұрмысындағы маңызды тарихи кезеңдерге байланысты болып келді. Соңғы наград Отан соғысының салтанатына, жеңісімізге байланысты болды. Тарихи кезеңдердің бәрінде комсомол өзіне жүктелген міндеттерді аброймен орындады. Енді, мемлекетіміздің дамуының өткен кезеңдеріндегідей алдағы жұмысты да ойдағыдай аткаруларына тілек білдеруге рұхсат етіңіздер.

**(Бәрі де орындарынан тұрады, ұзаққа созылған қатты қол шапалақтау).**

---

жолдас сайлаушылардың үйлеріне жиі-жиі барып тұрады.

күш жұмсауда.

**З. АЙСИНА.**

---

## Біздің ауыл советтегі көпшілік жұмысы

Ленин ауыл Советінде (Октябрь ауданы) сайлауға әзірлік науканы қызу жүргізіліп жатыр. Ауыл Совет көлемінде 6 сайлау участкесі бар. Оларда 50 үгітші жұмыс істейді.

Үгітшілер топтарының басқарушылары партия мүшелерінен, істе сыналған мұғалімдерден тағайындалды. Бұлардың ішінде орта мектептің директоры коммунист Тәліпов жолдас пен коммунист Есмағамбетов, Байболов жолдастар бар. Бұл жолдастар сайлаушылардың жалпы жиылыстарын өткізіп, онда ССР Одағы Конституциясы және колхоз шаруашылығының барысы, социалистік жарыс шартының орындалуы туралы баяндамалар жасады.

Ауыл Совет председателі участкелер болып, онда істелетін жұмыстарды қалай орындау керектігі жөнінде үгітшілерге нұсқаулар беріп тұрады. Сонымен біздің ауыл советтегі сайлаушылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

**Қ. ҚАТИЕНОВ,**

**Еңбекшілер депутаттарының Ленин ауыл советінің секретарі.**

---

## „ТАУ АҒАШ" КОЛХОЗЫНДА

«Тау ағаш» колхозындағы (Преснов ауданы) үгітшілер армия қатарынан босатылып келген Тастанов, оқытушы Баймырзина жолдастар сайлаушыларға сайлау ережесін және дауыс беру тәртібін үйретуде көп жұмыстар істеді. Бұл жолдастардың өткізген көпшілік-түсінік жұмыстарына сайлаушылар өте риза болда.

Партия ұйымының секретарі Казы... жолдас үгітшілерге күнбе-күн көмектес... отырады. Ол барлық үгітшілерді керек... құрал жабдықтармен қамтамасыз ет... Казір колхозда сайлауға әзірлік жұмыстары кеңінен құлаш жайды.

---

# *Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитетінен*

## Польшаның Жұмысшы Партиясының бірінші съезіне

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясы Польшаның жұмысшы табының мүддесі және поляк халқының бостандығы үшін сенімді күресушілер—Польшаның жұмысшы Партиясының бірінші съезіне катысушыларды шын жүректен құттықтайды.

Польша халқының неміс-фашист басқыншыларға және олардың ел ішіндегі сыбайластарына қарсы бостандық күресі кезінде туған Польшаның Жұмысшы Партиясы бұл кезде болаттай шыныққан және Польша еңбекшілерінің алдыңғы қатарлы бұхара партиясына айналды. Польшаның Жұмысшы Партиясы өз елінің демократиялық күшін қуатты, тәуелсіз және демократиялық Польша үшін күреске жұмылдыру ісінде, мемлекет басқаруындағы демократиялық орындарды ұйымдастыру ісінде, Польша Республикасының карулы күшін құру ісінде көрнекті табыстарға ие болды.

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті қайта көркейген Польшаның жұмысшылары, еңбекші шаруалары және демократияшыл интеллигенциясы өздерінің сенімді басқарушысы және сыннан өткен ұйымдастырушысы Польшаның Жұмысшы Партиясы тұрғанда, өз Отанының мүддесін қорғай алады және неміс басқыншылардан, сондай-ақ Польша реакционерлерінің шет елдердегі тобырларының азғындығынан көрген күйзелушіліктеріне және елде жаңа тұрмыс орнатудағы ауыр қыйыншылықтарға төтеп бере алады деп сенім білдіреді.

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті Советтер Одағы мен Польша Республикасы халықтарының туыстас одағы мен мызғымас достығының бұдан былай да өркендеп, ныгая беретіндігіне зор сенім білдіреді.

Польшаның Жұмысшы Партиясының бірінші съезі жасасын!

Польшаның Жұмысшы Партиясы және оның басшылары жасасын!

Польшаның жұмысшы табы жасасын!

Күшті, тәуелсіз, демократияшыл Польша жасасын!

**Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті.**

1945 жылғы 12 декабрь.

---

# Кәсіпшілер Одағының Бүкіл Одактық Советінің XIV пленумы

8 декабрьде Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің пленумы «Кәсіпшілер одақтарының Париждағы дүние жүзілік конгрессінің қорытындылары жөнінде» Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің секретарі М. П. Тарасов жолдастың баяндамасын тыңдады.

Баяндамашы өзінің сөзінде соңғы уақыттарда ССРО Кәсіпшілер Одақтарының өкілдері, ұлы Британияда, Америка Құрама Штаттарында, Францияда, Румынияда, Болгарияда және баска елдерде болғандығын айтты. Өкілдеріміз онда кәсіпшілер ұйымдарының жұмыстарымен танысып, олармен достық өз-ара карым-катынас жасады. 1941 жылдың октябрінде кәсіпшілер одақтарының ағылшын— совет, ал 1945 жылдың январында француз—совет комитеттері құрылды. Казір кәсіпшілер одақтарының америка—совет комитетін құру жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр. Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одактық Орталық Советінің және кейбір Кәсіпшілер Одактарының Орталық Комитеттерінің шакыруы бойынша, АҚШ тың, Англияның, Италияның, Францияның, Румынияның, Польшаның, Чехословакияның, Австралияның кәсіпшілер одақтарының өкілдері біздің елімізге келіп қайтты.

Тарасов жолдас 1945 жылғы сентябрьдің 25нен октябрьдің 9на дейін Парижда өткізілген кәсіпшілер Одактарының дүние жүзілік конгрессінің жұмыстарына толық тоқталды. Конгресске 65 ұлттың кәсіпшілер ұйымдарының өкілдері катысты. Олар кәсіпшілер одақтарына ұйымдаскан 67 миллион жұмысшы атынан, 56 елден келген адамдар.

Баяндамашы Кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасының уставын конгресс өкілдерінің бірауыздан бекітуі—барлық елдердің жұмысшы табының тұрмысындағы ірі оқыйға. Жаңадан құрылған дүние жүзілік ұйым соғыска карсы күрес ашуға, еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік праволарын корғауға міндетті.

Конгресс жаңадан сайланған Атқару Комитетіне соғыстан кейінгі бейбітшілік дәуірдің құрылыстары жөніндегі мәселелерді карайтын халықаралық барлық комиссиялармен ұйымдарға кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасы өкілдерінің катысып отыруын қамтамасыз етуді тапсырды.

Конгресс құрсманың негізгі мәселелерінің бірі фашизмді толық құрыту үшін күрес болып саналады деді.

Тарасов жолдас баяндамасын қорыта келіп, Советтің кәсіпшілер одақтары,—деді,—жұмысшылардың халықаралық бірлігін нығайту ісіне бағалы үлес қосты. Олар баска елдер өкілдерінің белсене коштауы нәтижесінде ССРО кәсіпшілер одақтары мүшелерінің тілегін орындап, кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасының ұйымдасуына жетісті.

Біздің кәсіпшілер одағымыз баска елдердің кәсіпшілер одағымен бірлесе отырып, дүние жүзілік жаңа құрама—бейбітшіліктің бүкіл дүние жүзінде нығая беруі үшін еңбекшілердің әл-ауқаты жақсара беруі үшін, бүкіл халықтардың бостандығы және тәуелсіздігі үшін ерекше күресе беретін айбынды ұйым болуына кажетті жағдайдың бәрін туғызуы керек.

Тарасов жолдастың баяндамасы бойынша жарыс сөзде: Važинин жолдас (оқ-дәрі өндіріс кәсіпшілер одағының орталық комитетінен). Мешакин жолдас, (үн-өндірісі жұмысшыларының кәсіпшілер одағының орталык комитетінен), Чевтаев жолдас (шығыс аудандарында ағаш кесу және ағаш әбзелдерін жасау өндірісі жұмысшыларының кәсіпшілер одағы орталық комитетінен), Попова жолдас (кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінен) және баскалар сөйледі.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің XIV-пленумы кеше өзінің жұмысын аяқтады.

Пленумның қорытынды мәжлісінде күн тәртібі бойынша каралған барлық мәселелер жөнінде каулылар қабылданды.

Пленумға катысушылар кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік конгрессінің совет өкілдерінің аткарған жұмысын қолдап, кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасының Уставына өздерінің риза болғандығын білдірді.

Пленум совет кәсіпшілер одақтарының кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасына мүше болғандығын құрамасының Атқару Комитетіне мәлімдеуді Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің президиумына тапсырды.

Пленум совет кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік құрамасының Бас Советімен Атқару Комитетіндегі өкілдеріне конгресс қаулыларының орындалуына жетісуді, жұмысшылардың халықаралық бірлігін және демократиялық елдердің достық ынтымағын бұдан былайда нығайта беру үшін қажетті болған шаралардың барлығын да қолдануды тапсырды.

Пленум ССРО Жоғарғы Советінің алдымыздағы сайлауына байланысты Кәсіпшілер Одақтарының барлық мүшелеріне барлық қызметшілерімен инженер-техниктерге, ғылым және көркем өнер қызметшілеріне Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің үндеуін қабылдады.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің председателі Кузнецов жолдастың қорытынды сөзінен кейін пленум жабылды.

(ТАСС).

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Партия жыйылыстарын уақытылы өткізейік

Біздің пима басу фабрикасы (Петропавл қаласы) жанындағы партия ұйымында партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттар саны 18. Оның ішінде партия мүшелігіне 3 адам, кандидаттығына 2 адам жаңа кабылданды.

Партия катарына кабылдануға комсомол мүшелерінен 2 адам, стахановшы жұмысшылар мен қызметшілерден 6 адам дайындалып жүр. Оларды тәрбиелеу және большевиктер партиясының устав, программасы мен таныстыру үшін партия ұйымынан коммунист Ахмерханова жолдас бөлінді. Ахмерханова жолдас партия мүшесінің міндеттері мен правалары жайында партияға өтуге дайындалушылар арасында 4—5 рет әңгіме өткізді. Соңғы кезде ол газет, журналдардан күнбе-күнгі жаңалыктарды окып беріп, дайындалушылардың партия мен үкметіміздің күнбе-күнгі каулы, карарлары мен толық таныс болуына зор салуда.

Партия тарихын және Ұлы Отан Соғысы туралы Сталин жолдастың кітабын окып үйрену жөнінде жеке үйірме ұйымдастырылған. Бұған 18 адам катысады. Үйірмені завод директоры коммунист Таранов жолдас басқарады.

Коммунистерді тәрбиелеуде партия жыйылысының маңызы өте зор. Сондыктан ұйымның жалпы жыйылысын деркезінде өткізіп отыру хажет. Біздің партия ұйымында өткен 11 ай ішінде 12 рет жалпы жыйылыс өткізілді. Әрбір жыйылыс жақсы дайындықпен өткізіліп, оған коммунистер белсене қатысты. Соңғы жыйылысы 6 декабрьде болып өтті. Бұл жыйылыс ашық және жалпы жыйылыс болған еді. Сондыктан жыйылыска комсомол мүшелері мен партияда жоқ жұмысшылар да катысты. Жыйылыстың күн тәртібінде «фабрикада жылдық өндірістік жоспардың орындалу барысы және партия ұйымының міндеттері», «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік және үгітшілер тобының декабрь айында істейтін жұмыстарының жоспарын бекіту» мәселелері каралды.

Жыйылыста жүн түту цехының бастығы Рывягин, техникалық бақылау бөлімінің бастығы Зобова жолдастар сөз сөйлеп, фабрикадағы өндірістік жұмыстың және сайлаушылар арасындағы үгіт-көпшілік жұмысының барысы туралы айтты.

Партияның жалпы жыйналысын жақсы дайындықпен, ойдағыдай өткізе білсек, ол жұмысшылар мен қызметшілердің өндірістік белсенділігін бұрынғыдан да арттыра түседі. Мұны біз тәжрибе жүзінде көріп отырмыз. Мысалға, тек декабрьдің алғашкы он күніндегі өндірістік жоспардың орындалу барысын алайык. Жүн түту цехы (бастығы Рывягин жолдас) 10 күнде айлык жоспарды 43 процент, киіз жуу цехы (бастығы Петухов жолдас) 42 процент орындады. Сол сыяқты, басқа цехтарда да ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы алдындағы социалистік жарыс кең өрістеуде.

Партия ұйымы өзінің жыйылысында өндірістік тапсырмалардың орындалуы туралы деркезінде мәселе қарап, өндіріске күнбе-күн басшылык етіп отырса, жұмыстың саны мен сапасы үнемі арта береді. Сондыктан біз өндіріске партия басшылығын жақсарту ісіне бар күшімізді жұмсаудамыз.

**Д. МЕРИНЯШЕВ,**

**Пима басу фабрикасы жанындағы бастауыш партия ұйымының секретарі.**

# Жаңа құрылған партия ұйымы

Ауданымыздың көптеген партия ұйымдағы жеңімпаз Қызыл Армиядан босатылып келген коммунистер мен толыктырылуда. Солардың бірі біздің «Қызыл ту» колхозы жанындағы партия ұйымы.

Біздің партия ұйымы быйылғы июль айында құрылды. Партия ұйымы құрылғалы бері ...
отыр. Өткен 11 айдың ішінде аудандық партия комитетінен біздің ұйымға небары бірақ рет өкіл жіберілді. Бірақ, ол келген Нұржігітов жолдас тек шаруашылық жұмыстары мен ғана шұғылданып, партия окуына, партия ұйымының ішкі жұмыстарына назар аударған жоқ.

# Комсомол-жастар бригадалары бригадирлерінің мәслихаты

Петропавлдағы Өндіріс ауданының кәсіп орындарында комсомол-жастар бригадалары бригадирлерінің мәслихаты өткізілді. Комсомол-жастар бригадаларының басшылары Коломиченко, Баразов, Рыбалко және Колесов жолдастар өздерінің жұмыс әдістері туралы айтты.

Облыстык комсомол комитетінің секретары Попов жолдас Галина Булатованың жұмыс әдісін игеру және ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы хұрметіне социалистік жарысты кеңінен өрістету жөнінде комсомол-жастар бригадаларының міндеттері туралы баяндама жасады.

## Армиядан келгендерге көмек көрсетуде

Октябрь ауданындағы «Қаратал» колхозының баскармасы армиядан келген жауынгерлерге күнбе-күн көмек көрсетіп отырады. Армиядан келген жауынгерлердің үйлері мен қора копсыларын жөндеуге колхоздан кісі бөлінді. Казір ол адамдар армиядан келген 2 жауынгердің қора-копсысын жөндеуді аяқтады. Сол сыяқты, колхоз армиядан келгендерді жылы киім, отын және баска да сол сыякты керек-жарақтармен камтамасыз етті.

**М. БАЙМАҚАНОВ.**

### МӘДЕНИЕТТІ ТЫНЫҒУ

Кыялы астык совхозының мамандары, жұмысшылары мен кызметшілері өздерінің жұмыстан бос уахыттарын мәдениетті түрде өткізуде. Орталык алаңда совхоздың радио торабы бар, ол совхоз кызметшілерінің 500 ден аса пәтер-үйлерін камтыйды.

Совхоз клубында дыбысты кино бар. Мұнда ай сайын 15 кино сеанс көрсетіледі. Клубта балалар үшін арнаулы кино-суреттер де көрсетіліп тұрады.

### «ҮШ КӨЛ» КОЛХОЗЫНДА

Приешім ауданындағы «Үш көл» ауыл шаруашылық артелі (председателі Тоғайбаев жолдас) республикамыздың даңкты 25 жылдығын зор табыстармен карсы алған болатын. Колхоз мемлекетке жоспардан тыс 1800 пұт астык тапсырды. Колхозшылардың әрбір еңбек күніне

# Трумэннің, Эттли мен Кингтің бірлескен мәлімдемесі

ВАШИНГТОН, 12 декабрь. (ТАСС). 8 декабрьде Ақ Үй Трумэннің, Эттли мен Кингтің бірлескен мәлімдемесін жариялады. Бұл мәлімдемеде былай делінген: Бұйым өндіру және қор жасау жөніндегі бірлескен Комитет пен шикі затты бірлесіп пайдалану жөніндегі Комитет 31 декабрьде ажыратылады. Азық-түлік мәселелері жөніндегі ағылшын-америка бірлескен Комитеті 1946 жылғы 30 июньде, немесе егер жағдай мүмкіншілік бере калса, онда бұл мерзімнен бұрын ажыратылады.

Алайда мәлімдемеде тиісті комитеттер жанынан құрылған және қарамағында кымбатты заттар деп есептелетін макта, тоқыма бұйымдары, қалайы, каучук және тері-терсек сыякты бұйымдары бар комиссиялар жоғарыда аталған бұйымдар жөніндегі тапшылык жойылғанға дейін өздерінің жұмыстарын атқара беретін болсын деген ұсыныс бар.

Сол сыякты, мәлімдемеде азық-түлік мәселелері жөніндегі бірлескен комитет ажыратылғаннан кейін азық-түліктің әртүрлері жөніндегі бірнеше комиссияны сол күйінде сақтап калудың хажет болуы мүмкін делінген.

Трумэннің, Эттли мен Кингтің мәлімдемесі Лондон мен Оттавада бір мезгілде жарияланды.

## Америка-совет достығының ұлттык кеңесі председателінің мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 12 декабрь. (ТАСС). Өткен айда АҚШтың өкілдер палатасының «Америкаға карсы істерді зерттеу жөніндегі» комиссиясы америка-совет достығының ұлттык кеңесіне кеңестің істерін карау жөнінде комиссияға рұхсат беруді ұсынды. 10 декабрьде кеңесі кеңес председателі Ламонттың комиссияға жазған хатын басвасөз өкілдеріне тапсырды. Бұл хатта кеңестің мұндай «зерттеуге» жол беруден бас тартатындығы, өйткені бұл кеңес Америкаға карсы насихат жүргізіп отырмағандыктан және баскарудың америкалык түрін жоюға ұмтылмағандыктан зерт жүргізу жөніндегі комиссияға оның жұмысын тексеру правосы берілмегендігі мәлімделген.

Кеңестің Америка-совет достығын көркейту ісіндегі жұмысын сыйпаттай келіп және Рузвельттің, Трумэннің, Американың баска да көрнекті қайраткерлерінің кеңестің жетістіктеріне риза болушылык көзбен қарағандығын атап көрсетіп, Ламонт мұндай зерттеудің кеңеске зиян келтіріп қана коймайтындығын, сондай-ақ АҚШтың сырткы саясатына да колайсыз әсерін тигізетіндігін, сөйтіп бүкіл елге нұксан келтіретіндігін мәлімдеді.

Өкілдер палатасының председателі Рэйлэнге жазған екінші бір хатында Ламонт комиссиясының жұмысы мен әдістеріне қарағанда болжалып отырған зерттеудің Америкаға карсы зыянкестік істерді әшкерелеуге карай бағытталмайтындығын, қайта совет-америка карым-катынасына нұксан келтіруді максат ететіндігін, жалпыға бірдей бейбітшілік ісі осы елдердің өз ара карым-катынас жасауына байланысты екендігін мәлімдеді. Ламонт конгрессті комиссияның АҚШтың шын демократиялык жолмен аткарып отырған жұмысының беделін түсіруге тырысып отырғандығына назар аударуға шақырды.

## Финляндияда соғыс кылмыстыларына сот

ХЕЛЬСИНКИ, 12 декабрь. (ТАСС). Кеше фин соғыс кылмысшыларының ісі жөніндегі соттың мәжлісінде «Барбаросса жоспары» деген документ жарияланды. Бұл документтен Финляндияның бұрынғы басшыларының ССРОға шабуыл жасау ісіне катысу туралы күнілгері және дәлмедәл келісіп алғандығы. Финляндияның ССРОға ... гарды. Мұнымен катар, сот айыпты Рютиге айыптау корытындысынан шығып кетпей сөйлеуді ұсынды. Бірак, Рютидің бұдан кейінгі сөзі де бұрынғы жарияланған сөзімен бірдей болды. Сот айыпкердің сөзін бөліп, тағы да мәслихатка кетуге мәжбүр болды. Бұдан соң сот айыпты Рютиге Біріккен Ұлттардың беделін түсі-

# Албанияның құрылтай жыйылысына сайлаудың корытындылары

БЕЛГРАД, 10 декабрь. (ТАСС) Албания телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, орталык сайлау комиссиясы Албаниядағы сайлаудың нәтижелерін жарияламған. Демократияшыл майданның кандидаттары үшін сайлауға катыскан барлык сайлаушылардың 93,23 проценті дауыс берген, ал тізімсіз урнаға сайлаушылардың тек 6,77 процент ғана сайлау бюллетеньдерін тастаған.

Тираны префектурасында сайлауға катыскан 48129 сайлаушыдан 4241[illegible] адам, немесе сайлаушылардың 88,13 проценті демократияшыл майданның кандидатары үшін дауыс берген және 571[illegible] адам, немесе сайлаушылардың 11,87 проценті сайлау бюллетеньдерін тізімсіз-урнаға тастаған.

## Францияның министрлер кеңесі газ өнеркәсібі мен электр өнеркәсібі бірлестіктерін ұлттандыру жөніндегі жобаны талқылады

ПАРИЖ, 8 декабрь. (ТАСС). Кеше министрлер кеңесі газ өнеркәсібі мен электр өнеркәсібі бірлестіктерін ұлттандыру туралы өнеркәсіп министрі Марсель Поль тапсырған жобаны талқылады. Францияда электр куатын өндіретін және оны тарататын 4 ірі трест және әртүрлі 600 коғам бар. Жоба жақын арада құрылтай жыйылысының карауына тапсырылады.

## Франциядағы көмір тапшылығы

ПАРИЖ, 7 декабрь. (ТАСС). Көмірдің өте-мөте тапшы болып отырғандығына байланысты Франция заводтары аптасына небары үш күн ғана жұмыс істемек.

Франциядағы көмір дағдарысының себептері туралы жаза келіп, «Пари Матэн» газеті Американың сентябрь айынан бастап Францияға көмір беруді токтатканлығын ескертеді. Сол сыякты, Англия да көмірді өте-мөте аз беріп отыр..

## Финляндияның жоғарғы отының жаңа председател[illegible]

...мәл Имамбетдинова және колхоз председателінің орынбасары Ахмет Ешманов жолдастар партия катарына өтуге дайын алып жүр. Партия ұйымы партия катарына кабылдануға дайындалушылар арасында тәлім-тәрбие жұмысын үздіксіз жүргізуде. Коммунист Акжігітов жолдас партия катарына өтуге дайындалушылар арасында большевиктер партиясының уставын 2—3 рет окып, партия мүшесінің міндеттері мен правосын ұғынырды. Мұнымен катар, олардың саяси білімдерін көтеруде де көп жұмыстар істелді.

Бірақ, біздің ұйымда партия тарихын окушылар арасындағы жұмыс жолға коылмай келеді. Коммунистер Смеренский, Акжігітов жолдастар партия тарихын бірдігінен окығанына жылдан асты. Амалсыз аудандық партия комитеті, әсересе үгіт-нәсихат бөлімінің кызметшілері бұл мәселеге жеткілікті басшылық ете алмай жүр. Бұлардың бәрі де колхоз өндірісіне белсене катысып жүрген таңдаулы жастар.

Ал, аудандық комсомол комитетінің кызметшілері жастар арасында не істеп отыр?

Әзірге мүлде ештеңе істеген жок деуге болады. Егін жыйнау кезінде аудандық комсомол комитетінен екі адам келіп жұмыска ешбір жөн-жаба көрсетпестен кайта ауданға жүріп кетті. Тіпті олар комсомол ұйымның жұмысымен толық танысқан да жок.

Аудандық партия, комсомол комитеттері бұл кемшіліктерді тез жойып, колхоздардағы партия, комсомол ұйымдарынан нақтылы басшылық жасауға міндетті.

**Ә. ШӘЙМЕРДЕНОВ,**

**Полудень ауданы, «Қызыл ту» колхозы бастауыш партия ұйымының секретарі.**

Ол өз отарында кой, ешкі өсіру жоспарын 115 процент орындады.

Колхоз баскармасы Аксакалов жолдастың еңбегін жоғары бағалай отырып, оған косымша акыға 3 кой берді.

**С. АҒЫСОВ.**

---

## ЖАС АҢШЫ

Жас аңшы Анатолий Бурмагин әлі 15 жаска толған жок. Бірақ ол өз ісін жақсы біледі. Сондыктан да ол Полудень ауданының еңбекшілері арасында жас аңшы деген атакка ие болды. Ол ноябрь айының ішінде аң аулауға үйретілген итпен 5 түлкі, 5 карсак және бір күзен ұстады. Бұл күзгі-кыскы маусымда аң аулау жоспарының 157 проценті болып саналады.

«Заготживсырьеның» облыстык мекемесі Бурмагинге бағалы сыйлыктар берді.

**СҮЛЕЙМЕНОВА.**

...максат етті. 11 декабрьде Рюти өзінің ...інің жартысына жуығын айтып болды.

Бүгін сот мәжлісі сот председателі Меллердің заң канцлері Тарьяннеге сұрак коюымен басталды. Тарьяннеге сіздің айтар ұсынысыңыз бар ма деп сұрак койылды. Тарьянне былай деді: «Рютидің кешегі сөйлеген сөзі негізінде, бұл сөздің жалғасында осы сот мәжлісінің заңы бойынша жабык түрде каралатындай мәселе айтылады деуге болады. Мен бұл сыякты карар кабылдау дұрыс болар ма екен деген мәселені соттың карауына тапсырамын».

Рютидің корғаушысы Прокопе тағы да сөз сөйледі.

Бұдан соң сот мәжліске кетті. 13 сағат 15 минутте сот мәжлісі кайта басталды. Сот қазіргі уакытта сот мәжлісін жабык түрде жүргізуге ешбір негіз жок деп ұйғарды. Рюти өзінің корғаушысы мен сотка тапсырылған документтерге мүлде катысы жок сөздерді сөйлеуде.

Бүгін Рюти өзінің сөзін аяктады. Бұдан соң председатель 1941 жылғы 26 июньде Гитлерден алынған хатта не жазылды және ол хат қазір кайда деп сұрады. Айыптыдан Рюти бұл хатта не жазылғаны есімде жок және оның кайда екенін білмеймін деп кысқа жауап берді.

Бас айыптаушы Карьянне сот председателі койған сұрактарға жауап бере отырып, өзінің Рютидің сөзі туралы оны мен толық және егжей-тегжейіне дейін танысқан соң сөйлейтіндігін айтты. Рютидің корғаушысы Прокопе сотқа куә ретінде Финляндияның Стокгольмдегі бұрынғы елшісі Васашерды шакыруды өтінді.

---

## ...ларының катаң жазалануын талап етуде

ХЕЛЬСИНКИ, 8 декабрь (ТАСС). Бүкіл елде демократиялық ұйымдардың басшылығымен көп адам катыскан жыйылыстар болып жатыр, деп жазды «Капсан Саномат» газеті. Бұл жыйылыстар фин соғыс кылмыскерларының ісі жөнінде айыпталған 4 айыпкерді алдын ала түтқыннан босатуға карсы наразылык білдіру ретінде болып жатыр.

---

## Венгрия сырткы істер министрінің Прагада болуы

ПРАГА, 8 декабрь (ТАСС). Жакын арада Венгрияның сырткы істер министрі Дьендьешти Прагага келді.

Дьендьешти сырткы істер министрінің кызметін аткарушы бас секретарь доктор Клементиспен болды. Кездесуден кейін Чехословакия мен Венгрия арасында аз ұлттарды өзара алмасу мәселесі жайында келіс сөздер басталды.

---

# Мектептерде оқу сапасын жақсартайық

Үстіміздегі оку жылының негізгі міндеті—мектептерде оку сапасын жақсарту екендігі аудандык оку бөлімдерінің кызметкерлері мен мектеп окытушыларының бәріне де мәлім. Быйылғы оку жылында оку бөлімдері мен мектеп окытушылары СССР Халык Комиссарлары Советінің «Мектептерде оку сапасын жақсарту шаралары туралы» каулысына сәйкес жұмыс істей отырып, бұл каулының орындалуын камтамасыз етулері керек.

Аудандык оку бөлімдерінің меңгерушілерінің, аудандык комсомол комитеттерінің секретарьлары мен орта мектептердің директорларының октябрь айында болып өткен облыстык мәслихатында облыс мектептерінде жоғарыда айтылған каулыны орындаудағы жетістіктермен катар, бірқатар кемшіліктердің болғандығы атап айтылды. Бұл мәслихатта үстіміздегі оку жылында істелуге тиісті жұмыстар айкындалумен бірге оку-тәрбие жұмысының істері де көрсетілді. Жыйылыстың тапсыруы бойынша оку бөлімдерінің меңгерушілері жергілікті комсомол ұйымдары оку сапасын жақсартуда мектептерге дұрыс басшылық жасап, әдіс жөнінен көмек көрсетуге тиісті еді.

Бірақ мектептерде оку жылының бірінші токсанының корытындысын шығарғанда жоғарыда айтылған мәслихаттың оку сапасын жақсарту жөніндегі тапсырысын облысымыздың көптеген оку бөлімдері мен мектеп меңгерушілерінің орындамай отырғандығы айкын көрінді.

Мектептерде оку сапасын жақсартудағы ең негізгі шараның бірі—окытушылардың білім дәрежесін көтеріп, мамандығын арттыру болса, бірқатар мектеп коллективтері әлі күнге дейін бұл мәселемен шұғылданбай отыр. Мысалы, Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінің және Булаев ауданындағы Еңбекші казак, Ворошилов атындағы 7 жылдык мектептерінің окытушыларының бірде-бірі осы күнге дейін сырттап окуға тартылмаған. Бұл мектептердің окытушыларының бірде-біреуінде жоғары дәрежелі білім жок.

Істің жайы солай бола тұрса да, бұл аудандардың не аудандык оку бөлімдері, немесе окытушылардың өздері сырттан оку ісіне жете мән бермей отыр. Ол-олма, бұл мектептердің окытушылары сырттан оку жұмысы былай тұрсын, тіпті күнделікті саясат пен танысып, саяси білімдерін көтеру ісімен мүлде шұғылданбайды. Соның салдарынан бұл мектептерде окушыларға білім беруде зор кемшіліктер бар екендігі байкалып отыр. Әсересе ана тілі, орыс тілі, математика, физика пәндерінен окушылардың білім дәрежесі өте төмен екендігі байкалады. Мысалы, Еңбек орта мектебінің 6 класс окушылары Рим тарихын окып, оның картаның кай жерінде екендігін білмейді. Еңбекші казак мектебінің окушылары Испания тарихындағы «Мавр» деп кімдерді атағанын, арабтардың Испанияға калайша барғандығын айта алмады. Ворошилов атындағы мектептің 4—5 кластарының окушылары ботаника сабағында жабайы сұрактарға жауап бере алмады. Осы мысалдарға карағанда окушылардың білімінің төмендігі окытушылардың окуды формальды түрде өткізіп отырғанынан болып отыр.

Бұл кемшіліктердің негізгі себебі, жоғарыда айткандай, окытушылардың білімдерінің толык болмауымен бірге, аудандык оку бөлімдері мен мектеп меңгерушілерінің окытушылардың жұмысына бакылау жүргізбеуінен және әдіс жөнінде көмек көрсетпеуінен болып отыр. Сонымен катар, бакылаудың жоктығын пайдаланып сабакка дайындыксыз келіп жүрген окытушылар да жок емес.

Мысалы, Булаев ауданындағы Ворошилов атындағы 7 жылдык мектептің география пәнінен сабак беруші окытушысы класка СССР картасын іліп койып, бұл картада Арктиканы көруге болмайды, өйткені Арктика түстік жарты шар картасында ғана болады, деп өзінің сабакка ешбір дайындыксыз келгендігін анык көрсетті.

Оку сапасын көтеруде үлкен орын алатын жұмыстың бірі—сабак үстінде түрлі көрнекті құралдарды пайдаланып, окушылардың алған білімдерін тәжрибеге байланыстыру. Алайда бұл жұмыска жете маңыз бермей жүрген окытушыларымыз жок емес.

Жакында Еңбек, Еңбекші казак мектептерінде жүргізілген тексерісте 25—30 сабактың бірде-бірінде көрнекті құралдармен сабак үстінде тәжрибе жасаған окытушы кездеспеді. Еңбек, Еңбекші казак мектептерінде математика, физика, жаратылыстану сабактарында пайдалануға болатын көрнекті құралдар бар. Бірақ колда бар құралдардың өзін еш кім пайдаланбайды. Сондыктан сабак кұрғак сөзбен формальды түрде жүргізіледі.

Еңбек және Еңбекші казак мектептері күрст орталығы болып саналады. Алайда бұл мектептерде күні бүгінге дейін окытушылардың әдіс жыйылыстары өткізілмеген, окытушылар кеңесінде оку-тәрбие жұмыстарының барысы жөнінде мәселелер талкыланбаған. Аудандык оку бөлімінің кызметкерлері де мектептерге жеткілікті басшылык жасамаған.

Бұл сыякты елеулі кемшіліктер тек осы аталған мектептерден ғана кездесті деуге болмайды. Осы сыякты кемшіліктер облыс мектептерінің басым көпшілігінде бар.

Сондыктан аудандык оку бөлімдері мен окытушылар коллективтері аз күн ішінде оку сапасын жақсарту жөнінде шұғыл шаралар колдануға міндетті. Оку жылының бірінші жартысы аякталуға санаулы ғана күндер калды. Ендігі міндет — мектептерде оку-тәрбие жұмысының сапасын шұғыл жақсарту болып саналады. Бұл үшін алдымен окытушылардың білімін көтеру ісін ұйымдастыру, оларды сырттан окуға тарту, әдіс кеңестерінің жұмысын жақсарту, окытушылардың саяси білім дәрежесін арттыру үшін кружоктар ұйымдастыру жұмыстары жүргізілетін болсын. Сол сыякты мектептерде көпшілік-ағарту жұмыстарын жолға кою хажет. Мұнымен катар, окытушыларға әдіс жөнінен басшылык жасап отырылатын болсын. Әрбір окытушы өз сабағын сапалы жүргізу үшін түрлі көрнекті құралдары пайдаланып, окушылардың алған білімдерін тәжрибеге байланыстырып отыруға тиіс.

Осы шараларды жүзеге асыра отырып, быйылғы оку жылында СССР Халык Комиссарлары Советінің каулысын ойдағыдай орындап шығайык.

**А. СЕЙІТБЕКОВ,**

**Облыстык әдіс кабинетінің меңгерушісі.**

---

## Хельсинки каласының жергілікті баскармасына сайлаудың корытындылары

ХЕЛЬСИНКИ, 7 декабрь (ТАСС). Фин радиосының хабары бойынша, бүгін таңертең Хельсинкидің жергілікті баскармасына сайлаудың түпкілікті корытындылары шығарылған. Сайлауға 151000 сайлаушы катыскан. Бұл—сайлаушылардың 62 проценті.

Хельсинки каласы баскармасының жаңа составында мандаттар мына төмендегідей түрде бөлінді: солшыл партиялар—26 мандат (бұрын 24 еді); коалициялык партия—14 мандат (бұрын 9 еді); шведтердің халык партиясы—13 мандат (бұрын 18 еді); прогресшіл партия—6 мандат (бұрын 5 еді) алды.

Солшыл партиялар алған 26 мандаттың ішінен халык козғалысының одағы 15 мандат және социал-демократтар 11 мандат алды.

---

## АКШ сенаты Біріккен ұлттар ұйымы үшін каржы бөлу жобасын бекітті

ВАШИНГТОН, 7 декабрь (ТАСС). 5 декабрьде АКШ сенаты Біріккен Ұлттар ұйымының әкімшілік және калпына келтіру жұмыстарына көмектесу корына жарна төлеу ретінде 550 миллион доллар каржы бөлу жобасын бекітті.

---

## Францияның ұлт корғау комитетінің карары

ПАРИЖ, 7 декабрь (ТАСС). Францияның барлык соғыс министрліктерінің жұмысын біріктіретін ұлт корғау комитеті келесі жылы корғау ісіне жұмсалатын каржы мөлшерін үш есе азайту жөнінде карар кабылдады. Комитет армия катарында 500—600 мың адам болады деп болжау жасады.

Жауапты редактордың орынбасары **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**


**«УДАРНИК» кино-театрында**

12 декабрьден бастап, көркем суретті жаңа фильм

**«НЕПОКОРЕННЫЕ»**

Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады.

Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашык.

Келесі программа: жаңа, көркем суретті түсті фильм—

**«ОРЫС ТЕҢІЗШІСІ ИВАН НИКУЛИН».**

* * *

Заготживсырье облыстык мекемесіне бухгалтер, инспекторлар және тері-терсек дайындаушылар керек.

Адрес: Караганды көшесі, № 1-үй.

**«ОКТЯБРЬ» кино-театрында**

Бүгін—**«АЛТЫН СОКПАК»**

Келесі программа: **«№ 217-АДАМ».**

Жакын арада—**«ОРЫС ТЕҢІЗШІСІ ИВАН НИКУЛИН».**

* * *

«Автотракторсбыт» баскармасына жүк тиеушілер, күзетшілер керек.

Адрес: Ленин көшесі, № 59-үй.

* * *

Петропавл темекі фабрикасына тұрақты жұмыска жүк тиеушілер керек.

Еңбек акы келісім бойынша төленеді. Жұмыска кіремін деушілер Коминтерн көшесі № 41 үйдегі темекі фабрикасының кадр бөліміне келіп жолығуларына болады.


Редакцияның адресі: КССР Петропавл каласы, Петренев көшесі, 88-үй. Полиграфия және издательство баскармасының баспаханасы. УШ 02435.